

1. Жұматаев Б.К, Нұрпейісов К.Ә, Жандыбаев Ғ. Абылай хан.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы,2013.-652 б.
2. Қасымбеков Ж.Абылай хан:Тарих,тұлға,уақыт. - Алматы:“Аруна” баспасы,2007.-92 б.
3. Есенберлин І. Көшпенділер-Жанталас.-Алматы,2012. – 380б.

ЕСІМ ХАН МЕН ТҰРСЫН ХАН АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ДАҒДАРЫСТЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Жаңбыр А.

Ғылыми жетекшісі: Смағұлов Н.Б., PhD докторы, профессор ассистенті
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
aknur_2006@list.ru
Қарағанды қаласы

Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы күрес XVII ғасырдағы Қазақ хандығының саяси өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі болып саналады. Екі хан арасындағы күрес Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы мен ішкі саяси жағдайын, мемлекеттің даму бағытын айқындауға көмектеседі. Есім хан мен Тұрсын хан арасында басталған қақтығыс, тек қана екі хан арасындағы қақтығыс емес, сонымен қатар қазақ қоғамының әлсіреуі мен тұрақсыздығын, қазақ хандығының ішінара бөлінгендігін көрсетеді. Саяси тұрғыдан алып қарағанда, бұл кезеңде хандық билікті иелену мәселесі өзекті болды. Есім ханның билікке келуі мен оның Тұрсын хан арасындағы күрес қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатындағы маңызды өзгерістерге алып келді. Әлеуметтік тұрғыдан алып қарағанда, бұл кезеңдегі күрес қазақ қоғамының әртүрлі топтары арасындағы наразылық тудырып, халық арасында әлеуметтік толқулар орын ала бастады. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы күрес қазақ қоғамында биліктің маңыздылығын көрсетті. Сонымен қатар, әлеуметтік және саяси тұрақтылықтың қазақ қоғамына әсерін көрсететін тарихи оқиға болып табылады.

Зерттеу жұмысының деректер қоры мен тарихнамасы Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы дағдарысы туралы деректердің маңыздысы Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресі»[1] еңбегі болып саналады. Оның еңбегінде қазақтың дәстүрлі жылнамаларында, Тұрсын ханның әрекеттері мен Есім ханның билікке келуі туралы жазбалар кездеседі. Бұл жылнамалар қазақтардың саяси тарихын қамтып, сол кездің ішкі саяси өмірін көрсетеді. Келесі дерек бізде Махмұд ибн Уәли «Бахр әл-асрарда» [2] Тұрсын ханның қаза болуын егжей-тегжейлі суреттейді, сонымен қатар сол кездегі қазақ сұлтандарының талас-тартысы туралы да жазып қалдырған. «Ламахат мин нафакат әл-кудсте» [3] Тұрсын ханның қаза болуын басқаша суреттейді. Бұл шығармада Тұрсын ханның Орта Азиялық шейхтардың Сырдариядағы мүриттерден табыс алуына кедергі жасап, сол себепті Хазірет Азизаның қарғысына ұшырағаны және сол үшін кейін өмірден өткені туралы қызықты деректер бар.

Зерттеудің нысаны Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы дағдарыстың саяси және әлеуметтік мәселелерін зерттеу.

Теориялық әдіснамалық негізі Зерттеудің негізгі әдісі ретінде тарихи-салыстырмалы әдісті, анализ, жинақтау, қорыту әдістері қолданылды. Тарихи детерменизм әдісі арқылы Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы дағдарысты зерттеу барысында, олардың саяси қақтығыстары мен әлеуметтік процестерінің дамуын тарихи жағдайларға байланысты түсіндіруге тырыстық және екі хан арасындағы билік үшін күресті саяси мақсаттар мен билік құрылымдарының арасындағы көріністі көрсетуге тырыстық. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы дағдарыстың саяси және әлеуметтік жақтарын бүгінгі күнгі көқарас тұрғысынан баға беруге тырыстық.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері XVI ғасыр аяғымен XVII ғасыр басындағы Есім ханның билік еткен жылдары.

Негізгі бөлім XVI ғасыр соңымен XVII ғасыр басындағы кез Қазақстан тарихындағы ерекше кезең, қазақ хандығының нығаюы, көрші елдермен және халықтармен белсенді әскери-саяси, сауда және мәдени байланыстары дамыған кезең. Бұл кезде қазақтардың билігі Ташкент, Түркістан, Сауран, Әндіжанға дейін таралды, олар үшін қазақ билеушілері мен аштархандықтар арасында үздіксіз соғыстар болды. Шайбани ұрпақтарынан кейін (1500-1598 жж.) бір жарым ғасырдан астам (1598-1743 жж.) Мауараннахрды билеген Аштарханилерге Орта Азиялық авторлардың бірқатар еңбектері арналған, олар: Сухайлдың «Имамкули ханнаме», Мұхаммед Талибтің «Матлаб ат-талибин» деген еңбектері және тағы басқалары. Бұл еңбектерде Имамкули хан тұсындағы қазақтардың Аштарханилердің саяси қатысуы маңызды орын алады. Имамкули ханның билік құрған кезеңі қиыншылыққа толы кез болды. [4, 425 б].

XVII ғасырдың бірінші жартысында Қазақ сұлтандарының ішінде Есім (1598 жылы Тәуекелден кейін ресми түрде хан атағын алған, Түркістанда билік құрған), Тұрсын, Абылай, Ханзаде сұлтандары бастаған бірнеше топтар өзара бақталас болды. Қазақ билеушілері мен Аштарханилер арасындағы XVII ғасырдағы саяси оқиғалар өзара қатынастарының тұрақсыз дамуына себепші болды, олардың арасындағы қақтығыстар уақытша одақтармен алмасып отырды. Мысалы, 1611 жылы Түркістан мен Ташкенттен келген 5 мың қазақты бастаған

Есім хан Иран мен Уәли-Мұхаммедке қарсы күресте Иманкули ханға көмектесті. Бірақ бұл одақ уақытша ғана болды, Иманкули хан қазақтарға қарсы талай рет жорықтар жасаған. Бұл туралы «Тарих-и аламара-йи Аббасиде» Иманкулидің Ташкентке жасаған екі жорығын сипаттайды: бірінші 1020/1611 жылдың басында, екіншісі 1022/1613 жылдың басында Иманкули хан Самарқанд қазақтарымен бітімге келіп, олардың Ташкент пен оның аймағына билік ету құқығын мойындады. 1613 жылы Иманкули хан Балх әскерлерін басқарған Нәдір-Мұхаммед ханмен бірге Ташкентке жорық жасап қазақтарды жеңеді. Осы жеңістен кейін ол өзінің ұлы Ескендір сұлтанды Ташкентке билеуші етіп тағайындады. Көп ұзамай ташкенттіктер Ескендірді өлтірді. Осыдан соң Иманкули хан Ташкентті қайтадан басып алып, жан түршігерлік қырғын жасады. Ташкент Бұхара ханының билігінде ұзақ болмады. Қазақ билеушілерінің Бұхара хандығымен өзара қарым-қатынасын егжей-тегжейлі «Тарихи-и аламара-йи Аббасиде», «Бахр әл-асрарда» және Иван Хохловтың «Статьялық тізімінде» суреттеледі. Бұл деректерде Иманкули хан мен Тұрсын хан арасындағы соғыс туралы айтылады. Ескендір Мұңшының айтуы бойынша, Иманкули екі рет толық жеңіліске ұшырып, қазақтармен бітімге келуге мәжбүр болған. Бұл туралы толығырақ Иван Хохловтың «Статьялық тізімінде» мынандай толығырақ деректер бар: «Бұхараның Иманкули ханы Ташкенттің Тұрсын сұлтанмен соғыс болды, мұның себебі; осының алдында сол Тұрсын сұлтанды өз адамдары қуып шығып, Иманкули ханның аяғына жығылған; сонда Иманкули хан оған жақтасып, оны мемлекет басқаруына қойды, мемлекеті – Ташкент қаласы болды, оның халқы көшпелі, ол Қазақ ордасы болды, ал Қазақ Ордасында ханзадалар көп дейді; ал Тұрсын үлкен болғандықтан олардың заңы бойынша хандық билік осыған келді» [5, 37 б].

1613 жылы Иманкули хан қазақ сұлтаны Тұрсынды Ташкент билеушісі деп жариялады. Кейін Тұрсын хан аштархани Иманкули ханның билігін мойындаудан бас тартып, өз теңгелерін соғып, баджды және харажды өз пайдасына ала бастады. Осы оқиғалардың барысында Тұрсын ханның саяси ықпалы күшейген болуы керек. Себебі, Тұрсын ханмен арадағы болған теке-тірестерден кейін Есім хан қол астындағы қазақ және қырғыз ұлыстарымен бірге Шығыс Түркістанға кетуге мәжбүр болды. XVI-XVII ғасырлардағы оқиғаларды баяндайтын деректерде қазақтар мен қырғыздар арасындағы одақ жайлы айтылады [3, 110 б].

XVII ғасыр басында Аштарханилердің саяси істеріндегі қазақтар мен қырғыздардың бірлескен әрекеттері атап өтіледі. 1621 жылы ең ірі шайқастардың бірі Аштарханилердің әскерлері мен қазақтар мен қырғыздардың біріккен іскерлері арасындағы шайқас болып табылады. Тұрсын хан 100 мыңдай сарбаз жинады, оның 10 мыңын қырғыз тайпаларының билеушілері аттандырды. Махмұд ибн Уәлидің айтуынша, Иманкули ханның жасақтарының саны 160 мыңға жеткен. Сонымен қатар Аштарханилерге Әндіжанның билеушісі және Иманкули хан қойған қазақ сұлтаны Абылай өз әскерімен келіп қосылды. Қарсыластар Шахрухия бекінісінің маңында жиналды. Шайқастың қызған тұсында Абылай сұлтан басқарған жауынгерлер майдан даласынан шыға бастағанда Бұхара әскерінде үрей туып, Иманкули хан шегінді.

Қазақ хандарының Моғолстандағы Шағатай ұрпақтарымен: Тұрсынның Жаркент мен Қашғар ханы Абд әл-Латиф ханмен, Есімнің Шалыш пен Турфан билеушісі Абд ар-Рақым хан мен одақтастық қатынастары XVII ғасырдың басындағы оқиғаларға жатады. Оның үстіне Есім хан қазақтардың ханы деп бәрі мойындамайтын кезеңде ол Абд ар-Рақымға баруға мәжбүр болды. Бес жылдан астам уақыт бойы ол өз қосынымен бірге соның соның жағында күрестерге қатысты [6, 12 б].

Махмұд ибн Али Ақсу мен Бай ауданында күреске Есім ханның қатысқанын толықтай баяндайды. «Осы кезде Шалыштан Абд ар-Рахим хан мен Ташкенттен Есім сұлтан Ақсуға аттанды. Шынтемір оғлан деген жерде олар бір-бірімен кездесті. Осы жорықта Абд ар-Рахим хан мен Есім сұлтан достық және жақын туыстық арқылы достық жібін бекітіп, байлады. Абд ар-Рахим хан мен Есім сұлтанның бауыры Күшік сұлтанның қызына үйленді. Ал Есім Абд ар-Рахим ханның қызымен некеге тұрды. Көрсетіліп отырғандай, қазақтар мен моғолдар арасындағы саяси одақтар әулеттік некелер арқылы баянды етілген.

Қазақ сұлтандарының өзара жауласуы барған сайын шиеленісіп, билеушілер Есім мен Тұрсын-Мұхаммед арасында араздық туды. Бұл туралы «Түріктер шежіресінің» авторы, Хорезмдегі өз бауыры Исфандийардан қашып кетіп 1625-1626 жылдары Түркістан қаласындағы Есім ханды паналаған Әбілғазыдан толық мәліметтер табамыз: «...онда үш ай тұрдым. Бұл кезде Ташкентті Тұрсын хан билеп тұрған еді. Есім хан сонымен жүздесуге кетті. Тұрсын ханмен кездескеннен соң Есім хан мен өзімен бірге ертіп, ханға апарып, таныстырып: «Бұл-Жәдігер ханның баласы Әбілғазы. Осы уақытқа дейін бұл үйдің ешқайсысы қонаққа келмеді, бірақ біздің көптеген адамдар оларға барды. Сіз Әбілғазыны өзіңізге алмайсызба?» Мен Тұрсын ханның қолында тұруға кеттім. Екі жылдан кейін Есім Тұрсын ханды өлтіріп, оның басқа да көптеген адамдарын өлтірді. Сонда мен Есім ханға бұрылып: «Екі хан да маған бір пайдасын тигізер деп үміттеніп сізге келдім, бірақ сіздің жағдайыңыз осылай болды. Мені Иманкули ханға (Бұхараға) баруға рұқсат етіңізіші».- «Жақсы, бара ғой»,-деп жауап берді Есім хан. Мен Иманкули ханға кеттім» [1, 183 б].

Махмұд ибн Уәли «Бахр әл-асрарда» қазақ сұлтандары арасындағы соғысты және Тұрсын ханның қаза болуын толық сипаттайды. Сол кезде (1036/1627-1628) Есім сұлтан қалмақтарға шапқыншылық жасап жатқанда Тұрсын сұлтан жағдайды пайдаланып, Есім ханның ордасы Түркістанға жасақ аттандырады. Жауынгерлер көп адамды өлтіріп, Есім сұлтанның әйелдері мен балаларын тұтқынға алады. Тұрсын сұлтан есімді өлтірмек болады. Осы кезде Әндіжанның әміршісі қазақ сұлтаны Абылай Бұхара әмірі Иманкули ханмен бірігіп, олар Ташкентке бағынышты Піскентке шабуыл жасайды; ұрыстардан кейін оны қазақ Үшқара сұлтанның тартып алады. Осы жағдайлар Есім сұлтанға белгілі болған соң ол да Ташкентке қарай бет алады.

1627 жылы қазақтардың рубасылары мен ықпалды сұлтандарының қолдауына ие болған Есім хан Тұрсын ханға қарсы шешуші соғысқа шығады. Қарсы аттанған Тұрсын хан әскерлері Сайрам қаласының түбінде қазақ батырлары басқарған Есім хан әскерлерінен тас-талқан болып жеңіледі. Ташкент төңірегінде қазақ хандары Есім мен Тұрсын арасында қантөгіс шайқас болды нәтежесінде Тұрсын хан әскерлері екінші мәрте қатты жеңіліске ұшырайды. Жеңіске жеткен Есім хан Ташкентке кіріп Тұрсын сұлтанды өлтірген. Есім хан Тұрсынға бағынатын қатаған руының қазақтарын қырып тастады [4, 6 б.]. Есім ханның феодалдық бытыраңғылықтар мен ел ішіндегі саяси бұлғақтарды тоқтатқандығы және Қазақ хандығын біріктіру жолындағы даңқты күресі қазақ халқының батыры әрі атақты жорық жырауы Марғасқанның «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты тарихи жырында кеңінен айтылады. Онда Есім хан Ташкент қаласына білдіртпей түнде кіріп, хан сарайындағы күзетшілерді байлап тастап, қаперсіз ұйықтап жатқан «ант бұзған» Тұрсын ханды оятып, оның басын алады. Тарихи оқиғада Есім ханның қасында жорық жырауы Марғасқа жырау болып, Тұрсын ханды мынадай жырымен оятқан екен:

«Ей, қатаған хан Тұрсын!
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз елді жылатып,
Жер тәңірсіп жатырсың.
Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Алтын тақта жатсаң да
Ажалың жеткен пақырсың!
Еңсегей бойлы ер Есім,
Есігіңе келіп тұр,
Алғалы тұр жаныңды.
Шашқалы тұр қаныңды,
Кешікпей сонда қатарсың!»

Сонда шошып оянған Тұрсын ханның басын ер Есім хан шауып алған екен.

Жеңіске жетіп, Қазақ хандығының саяси және әкімшілік билігін бір орталыққа бағындырған Есім хан «антын бұзған» Тұрсын Мұхаммед ханның басын Бұқар ханы Иманқұли ханға жіберіп, Түркістан мен Ташкенттің билігін заңдастырады.

1628 жылы Есім хан Тұрсынды өлтірумен бірге Тұрсынға бағынышты қатаған қазақтардың қалдықтарын да қырып тастады.

Қырғыздардың қазақ хандары Есім мен Тұрсынның соғысына қатысуы туралы аңыз-әңгімелер мен тарихи оқиғалардың қызықты мәліметтер сақталған. XVII ғасырдың бірінші ширегінде Тұрсын хан өлтіріліп, жеңілгені хабарланады. Аңыз бойынша Есімге берген антын бұзғаны үшін лайықты жаза болған делінеді. Қазақ тарихын Тәуке хан тұсында қырғыздарды Қоқым би Қарашорин билегені дәлелденген. Ш.Уәлиханов Есім ханның қолында (1630 жылдар шамасында өмір сүрген) өз қарамағында қырғыздардың рубасысы Көкем би болғанын, оның көмегімен қатағандар мен шанышқылардың Тұрсынын құлата алғаны туралы аңызда келтіріледі. Қырғыздар мен қазақтардың одағын еске алу үшін Есім Ташкентте бүгінге күнге дейін жеткен «Көкемнің көк күмбезі» деп аталатын мұнара тұрғызды [7, 124 б.].

Махмұд ибн Уәли Есім хан 1628 жылы қайтыс болды. Кейбір деректерде Есім хан 1643 жылға дейін билік еткен деген де мәліметтер бар. Есім хан Түркістан қаласында, Қожа Ахмет Йасауи мешітінің жанына жерленген. Осы күнге дейін оның есімін «Есім ханның ескі жол» деп аталатын Ереженің жасалуымен байланыстыратын аңыз сақталған.

Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы дағдарыс қазақ қоғамына мәдени, этникалық, экономикалық, әлеуметтік, саяси жағынан өз ықпалын тигізді. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы саяси күрес Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі. Бұл екі хан арасындағы күрес қазақ қоғамындағы саяси және әлеуметтік дағдарысты көрсетті. Әсіресе, екі хан арасындағы күрестің сипаты қазақ қоғамындағы басқару жүйесіндегі өзгерістерді, әлеуметтік шиеленістерді көрсетеді.

Есім хан мен Тұрсын ханды халықтың саяси топтарынан ықпалды көсем қолдады. Бұл кезде қазақтар арасында әлеуметтік және этникалық жағдайдағы айырмашылықтардан туындаған ішкі алауыздықтар орын алды. Кейбір жағдайларда ықпал мен қолдау тайпалық және рулық мүдделерге байланып, саяси жағынан одан әрі қиындата түсті. Мысалы, кейбір рулар Тұрсын ханды анағұрлым шешуші және тәуелсіз басшы ретінде қолдаса, ал басқа рулар Есім ханның саясатын қолдады. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы дағдарыс қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті мәселелеріне де ықпал етті. Қазақ қоғамында сұлтандар мен билердің және қарапайым халықтың арасында әлеуметтік алшақтық тереңдей түсті. Тұрсын хан халық алдында өз беделін арттыру үшін қарапайым халықтың мұқтаждығын ескере ескеріп, әлеуметтік теңдікті орнатуға тырысты. Алайда, бұл әрекетінен хандықтың әлеуметтік құрылымына түбегейлі өзгерістер енгізе алды. Екі хан арасындағы дағдарыс қазақ қоғамының дәстүрлі көшпелі өмір салтын, шаруашылық пен әлеуметтік қатынастарға да әсер етіп, хандық билікті әлсіретті. Қазақ қоғамында хандық билік әрқашан да руаралық бөліністермен тығыз байланысты болды. Есім хан белгілі бір рулар мен топтарды саяси жағынан қолдап, өз жағына тартуға тырысты. Ал Тұрсын хан өз тарапынан өз ықпалын арттыру үшін белгілі бір рулармен байланыстар орната бастады. Бұл күрес тек хандық билік арасындағы күрес емес, сонымен қатар қазақ

қоғамының әлеуметтік құрылымында, ұлттық бірлікте және тәуелсіздік жолындағы күресте терең із қалдырған оқиға болды.

Қорытынды

Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы күрес қазақ қоғамында терең маңызды орын алған тарихи оқиға болды. Бұл қақтығыс тек хандық билік үшін болған саяси күрес ғана емес, қазақ халқының тағдыры мен ұлттық бірлігіне әсер еткен оқиға болды. Екі ханның арасындағы қарама-қайшылықтар қазақтардың ішкі саяси құрылымындағы бөліністерді тереңдетіп, әлеуметтік шиеленістердің өршігенін байқауға болады. Билік үшін жүргізілген күрес қазақ қоғамын ыдыратып, ұлттық бірліктің әлсіреуіне әкелді, сол арқылы сыртқы күштердің ықпалына ұшырау мүмкіндігі арта түсті.

Тұрсын ханның тәуелсіздікке ұмтылысы мен халыққа жақын болуға тырысқанымен, оның саясаты түптеп келгенде ішкі тұрақсыздық пен саяси қақтығыстарды тоқтатуға қабілетсіз болды. Есім ханның қазақ қоғамында бұрыннан қалыптасқан билік құрылымын сақтап қалуға тырысқанымен, ішкі бөліністер мен сыртқы қысымдар қазақтың тарихи жағдайына үлкен әсер етті. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы күрес қазақ қоғамындағы саяси және әлеуметтік құрылымдарға айтарлықтай өзгерістер енгізді. Бұл оқиға қазақ халқының ұлттық бірлігін сақтаудағы күресінің қиын жолын, сондай-ақ тәуелсіздік үшін күрестің маңыздылығын көрсетіп, сол кезеңдегі күрделі саяси ахуал мен әлеуметтік мәселелерді айқын бейнелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 2007. – 200 б.
2. Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Составители: Ибрагимов С.К., Мингулов К.А., Пищулина К.А., Юдин В.П. - Алма-Ата: Наука, 1969. – 648 с.
3. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под. Ред. Проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2-е изд. – Алматы: Қазақстан, 1997. Сборник I: (V в. До н.э. – XVII в. н.э.). – 383 с
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық.- 2 том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 640 б.
5. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925. – 108 б.
6. Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуры Казахстана и Центральной Азии в XVII-XVIII вв. Алматы, 2001. – 364 с.
7. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. - V том. XV-XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 440 б.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ ТАРИХТАҒЫ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕРІ: ҚАУІПСІЗДІК НЕМЕСЕ ТӘУЕЛДІЛІК

Кусаинова З.Т.

Ғылыми жетекшісі: доцент Дюсупова С.Т.

Астана халықаралық университетінің

zarinakusainova19@gmail.com

Астана қ.

Кенестік тарихнамада қазақтардың Ресей империясына қосылуына, Әбілқайыр ханның тарихтағы рөліне күмәндар пайда болды. Осыған сүйеніп тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында Әбілқайыр хан рөлін төмендетеді. Кімдер: Манаш Қозыбаев, Кенжебек Тынышбаев, Сұлтан Аққұлов, Тұрсын Жұртбай, т.б. Әбілқайыр ханның тарихтағы маңызды шешімдерінің бірі ретінде Ресей империясының құрамына енгені болып табылады. Алайда оның бұл шешімі қауіпсіздік шараларымен қатар Ресейдің отарлау саясатының жоспары ретінде - Қазақ хандығының тәуелді ел болуына әкеліп соқты. Мақалада қарастырылатын сұрақтар: Қауіпсіздік немесе тәуелділікке алып баратын бұл шешім не үшін қабылданды? Тәуелділік пен бодандық сөздері қай мағынада қолданылды? Егер тәуелділік болса онда Әбілқайыр хан неліктен Ресей империясына аманат бермеді?, Осы сұрақтар аясында мақалада баяндамалар жасалынды.

Әбілқайыр ханның билігі кезінде ішкі саяси тұрақтылықты сақтау үшін түрлі рулар мен тайпалар арасындағы қақтығыстарды реттеуге күш салды. Бұл оның билігін нығайтып, халықтың бірлігін қамтамасыз етуге көмектесті.

Әбілқайыр хан 1693 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. Оны Әбілқайыр Мұқамбет Ғази баһадур хан деп атаған. Ол - Өз Жәнібектің бесінші ұрпағы. Ал Шыңғыс ханнан бастап тарататын болса, хан әулетінің он сегізінші ұрпағы болады. Өз Жәнібектен тоғыз ұл тарайды, солардың бірі – Өсеке сұлтан одан Бөлекей ноян, одан Ырыс сұлтан, одан Хожа сұлтан, одан Абдолла сұлтан туған, Әбілқайыр осы Абдолла сұлтанның баласы.